

FTAMP 16.01.11

А.С. Шыныбекова¹, Ж.А. Ногайбаева²

¹ І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

²Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі тілдік бірліктердің зерттеу объектісі, қарастыратын мәселелер шеңбері, прагматикалық мақсат, прагматикалық тиімділікке жету шарттары, коммуникация үрдісінде тілдің тиімді қолдану заңдылықтары қарастырылады. Қатынастың нақты жағдаяты мен коммуниканттарының сипатына байланысты сөйлеу формаларын қолданудың ерекшелігі мен мәндерін зерттеуші лингвистиканың бір саласы ретіндегі прагматика қандай да бір синтаксистік конструкцияларды қолданудың жеке үлгілерін ғана анықтап қоймайды, сонымен бірге олардың қызмет етулерінің жалпы заңдылықтарын да белгілеуден тұрады. Сөйлесім реципиенттің санасы мен әдебіне қандай да бір ықпал ету тәсілі ретінде қарастырылады. Лингвопрагматика сөйлеу актісінің әртүрлі аспектілерін бейнелеуші сөйлеудің коммуникативтік категориясын зерттеуге, қатынас процесіндегі прагматикалық ақпараттың бейнелену тәсілдерін табуға, сипаттауға бағытталады. Сөйлесімнің назарында адресант пен адресаттың өзара әрекеттері жатыр.

Түйін сөздер: лингвистика, реципиент, лингвопрагматика.

Аннотация. В статье рассматриваются объект исследования языковых единиц в современном казахском языкознании, круг рассматриваемых вопросов, прагматическая цель, условия достижения прагматической эффективности, закономерности эффективного использования языка в процессе коммуникации. Прагматика как одна область лингвистики, исследование особенностей и значений использования речевых форм в зависимости от конкретной ситуации и характера коммуникации, состоит в определении не только отдельных образцов применения каких-либо синтаксических конструкций, но и установления общих закономерностей их функционирования. ССО рассматривается как какой-либо способ воздействия на сознание и этику реципиента. Лингвопрагматика направлена на изучение коммуникативной категории речи, отражающей различные аспекты речевого акта, на выявление, описание способов отображения прагматической информации

в процессе общения. В центре внимания разговора лежит взаимодействие адресанта и адресата.

Ключевые слова: лингвистика, реципиент, лингвопрагматика.

Abstract. The article discusses the object of research of linguistic units in modern Kazakh linguistics, the range of issues under consideration, the pragmatic goal, the conditions for achieving pragmatic effectiveness, and the laws of effective use of language in the process of communication. Pragmatics, as a branch of linguistics, consists not only in identifying individual patterns of use of any syntactic constructions, but also in establishing general patterns of their functioning. Communication is considered as a way to influence the consciousness and ethics of the recipient. Linguopragmatics is aimed at studying the communicative category of speech that reflects various aspects of the speech act, finding ways to represent pragmatic information in the communication process, and describing it. The focus of the conversation is on the interaction between the addressee and the addressee.

Keywords: linguistic, recipient, linguopragmatics.

Қазіргі таңда қазақ тіл біліміндегі тілдік бірліктерді зерттеу теориясы және практикалық мәні – коммуникация, когнитивті лингвистика, тіл мәдениеті, стилистика, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика саласымен байланысты қарастырылады. «Көпшілік назарын аударған Қазақстандық лингвистиканың өзекті мәселелері қатарында әр түрлі бағыттардың әдістемелік және онтологиялық негіздерін пайымдап түсіну, соның ішінде әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика секілді интегралды салаларға, когнитивті лингвистика, лингвосомиотика, лингвистикалық семантика, сөйлеу актілерінің теориясы мен мәдениаралық қатынас проблемаларына және т.б. көңіл бөлу аталып келеді» [1].

Қазақ тіл біліміндегі тілдік бірліктердің күрделі көп аспектілі сала екендігіне ғалымдардың ғылыми еңбектері негіз болады. Бұның басты себептері тілді зерттеудің жаңаша бағыттарымен байланысты болды. 20-ғасырдың соңғы ширегінде тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшуі тілді адаммен, адамды тілмен бірге қарастыру мәселесін негізгі ұстаным етіп алды. «Қазақ тілі осы уақытқа дейін жалаң лингвистикаға құрылып, адамға (туғызған халыққа) байланыссыз оқытылды. Тіл мен оны туғызған халықты, яғни тіл мен адам факторын, байланыстыруда өткен ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында жалпы тіл білімінің негізін салушы Вильгельм фон Гумбольдт идеялары негізінде антропоцентристік парадигма ретінде пайда болды» [2, 5].

«Тіл мен адам арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін прагматика» тілдік емес факторлардың ішінде прагматикалық фактордың бар екенін толық дәлелдеп берді. Күнделікті өмір адамдар арасындағы сан-салалы байланыстар

мен қарым-қатынастарға толы. Оны саралап ой елегінен өткізетін болсақ, олар адамдардың әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау, мінез-құлық пен жүріс-тұрыс, сөйлеу тәртібіне, бір сөзбен айтқанда әдеп, әсіресе сыпайылық ережелеріне келіп тіреледі. «Адамына қарап сөзін алма, сөзіне қарап адамын ал» дейтін Абайдың сөзінен адамның сөйлеуі арқылы оның әлеуметтік, рухани, психологиялық тұлғасын тануға болады деген философиялық ойын ұғамыз.

Лингвистикалық прагматика – сөйлеу актісінің өзегі ретінде коммуникация үрдісінде тілді дұрыс қолдану туралы ғылым, яғни тілді коммуникативтік тұрғыдан қолдануды қарастырады. Осы негізде сөйлеу коммуникациясының қолданысын былай: сөйлеу коммуникациясы – адресант – байланыс – референт – код – адресат түрінде көрсетуге болады. Қазіргі уақытта лингвистикада вербалдық коммуникацияның процессуалдық, өзгеру және даму табиғаты туралы нақтыланған түсінік жоқ деп айтуға болады. Қоғамдағы сөйлеу жүйесі мен функционалдық қызметінің объективті бейнесін жасауға ұмтылу – лингвистика ғылымы үшін шындықты құндылық жағынан игеру тәсілі ретіндегі мәдениеттің, қоғамдық қатынастар жинағы ретіндегі тұлғаның, оның шындықты игеруі мен қабылдауы бойынша әлеуметтік мәні зор әрекеті туралы ғылыми негізделген түсініктің қажеттілігін және осы құбылыстардың заңдылықтарын тіл және сөйлеу жүйесімен байланыста зерттеуді негіздейді. Лингвистикадағы осы айтылған зерттеу нысаны болып тілдік және тілдік емес қатарлардың өзара байланысын ескере отырып құрылған, қоғам мен кеңістік, уақыт бойынша қызмет ететін тарихи дамыған жүйе бола алады.

Қазіргі таңда прагмалингвистика сөйлеу коммуникациясының (дауысталатын сөйлеу тілі) бүгінгі жағдайына қатысты теориялық және тәжірибелік ауқымды материалын жинаған, тіл білімінің перспективалық бағыты болып танылады. Алайда, прагмалингвистика түсінігінің негізін қалаушылар оның шекарасы көмескі берілгендіктен, бір жақты шешімге келе алмай отыр. Қазіргі уақытта прагматиканың әртүрлі түсіндіру түрлері бар: біріншісі – Ч. Моррис пен Ч. Пирстің ізінен кейін синтезделген (интегративтік) семантика – синтактика – прагматика ұштағанының элементі; екіншісі – радикалдық прагматика, яғни лингвистика мен прагматиканы когнитивтік деңгейдің екі өзара байланысқан саласы ретінде қарастырған түрі.

Коммуникация үрдісінде сөйлесім мағынасының берілу мен оны қабылдау ерекшеліктері айқын көрсетіледі, өйткені *сөйлеушінің коммуникативтік интенциясын жүзеге асыру* тұтастай тыңдаушының ақпаратты қабылдауына байланысты болып келеді. Және де сөйлеу актісі адресат пен адресанттың өзара әрекеттері ретінде анықталады, ал осы өзара әрекеттің негізгі назарында сөйлесім жатады. Адресант, ақпаратты жіберуші бар күш-жігерін өзінің сөйлеуіндегі жағдайлар, шындықтың құбылыстарын қалай түсінетінін беруге салады. Адресаттың коммуникативтік қызметі одан күрделірек. Ол ақпаратты ғана алып қоймайды, сонымен қатар оны дұрыс қабылдап, өзіне арналған сөйлесімнің мағынасын түсініп, тиісті қорытынды

жасауы керек. Ақпаратты қабылдаушының хабарланған мәліметке қатынасы тілдік емес құралдар (мезірет, ишара және т.б.) арқылы да, алынған ақпаратқа жауап ретінде тікелей жауап сөйлесімі арқылы да берілуі мүмкін. Осылайша, сөйлесім-реакция (мысалы, диалогтағы жауап реплика), алғашқы сөйлесім сияқты туу, қалыптасу және жүзеге асырылу кезеңдерінен өтеді және сөйлеу актісінің сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан коммуникация үрдісін сипаттаушы бөлігі болып табылады.

Біздің ойымызша, сөйлеушінің қандай да бір сөйлесімді айта отырып, өзі айтып отырған нәрсені меңзеп тұрған жағдайынан сөйлесімнің мағынасы имплицитті және тек экспликация үрдісінің көмегі арқылы ғана анықталынатын, мұны контекстен бөліп алып жасау мүмкін емес жағдайлардан ажырату керек. Бірінші жағдайда, Дж. Р. Серль айтқандай, сөйлеуші тыңдаушыға қандай да бір ықпал жасауға тырысады; ол тыңдаушының оның мақсатын анықтауға итермелей отырып жасауға ұмтылады, сөйлесімнің туындау негізінде жатқан ережелер туралы тыңдаушының бар біліміне сүйене отырып сол мақсатты тануына итермелейді. Сөйлеушінің өзінің ойларының имплицитті мағынасы болған жағдайында сөйлесім мазмұны әртүрлі қабылдануы мүмкін. Бұл, әсіресе, емеурін, ирония, метафоралық қолданыстар мен басқа да жағдайларда кездеседі [3, 195-222]. Дәл осы сөйлесімдер прагматика тұрғысынан өте тартымды болып келеді.

Прагматикалық мағына тек сөйлеу арқылы ғана беріледі. Солардың ішінде реципиентке *ықпал ету, оны әрекетке итермелеу, бағалау мен пікірлерінің қалыптасуы, реципиентті бір нәрсе туралы хабардар ету, ақпаратқа тапсырыс беру* және т.б. атауға болады. Егер, сөйлесімнің тура мағынасы жүзеге асырылған, сәйкес келмейтін контекске оларды сыйғызса сөйлесімнің мазмұндық мүмкіндіктері одан ары өседі. Контексте және сөйлеу жағдаятының синтаксистік құрылымының коммуникативтік мағынасының тура келмеуі тура және жасырын мағыналардың қатынастары туралы ойлауға әкеледі. Осы екі бөліктердің өзара әрекеттерінде ғана сөйлесімнің нақты түпнұсқалық мағынасы анықталады. Сөйлеуші коммуникативтік стратегияны таңдау кезінде серіктесінің қандай да бір оқиғаны қабылдау ерекшеліктерін, серіктесінің хабарланған ақпаратқа реакциясын басшылыққа алады. Кейбір жағдайларда ойдың, мақсаттың эксплициттік мәні тиімді болмауы да мүмкін, ал күтілген нәтижесі тек имплициттік құралдар көмегі арқылы ғана мүмкін болуы да кездеседі. Сөйлесімнің шынайы мағынасын талқылау адресатқа толығымен көшеді де тек соған ғана байланысты болады. Сөйлеудің шынайы мазмұны ондағы эксплицитті, кодталған таңбалық мәнге қарағанда бай. Сөйлеуші сендіру күшін нақтылау, назар аударту, бұйырудың жиі қолданылатын формасын таңдап алу, сыпайылық, әдептілік, сыйласымдылықты көрсету үшін импликацияны қолдана алады.

Сонымен, сөйлеушінің өзінің ойларын имплицитті беруге итермелейтін себептері әр алуан болып келеді, ал сөйлесімнің шынайы мағынасы коммуникация үрдісінде ғана мүмкін болады. «Сөздің дайын түрі,

субстанциясы жоқ және аяқталған түсінікке арналған сыртқы қабат болып қызмет ете де алмайды, ол тек тыңдаушыға қалай жасайтынын анықтай отырып, оны өз күшімен түсінуге ықпал етеді. Адамдар серіктесіне заттардың таңбасын беру үшін, ұқсас түсініктерді толық және нақты қабылдау үшін бір-бірлерін өзара бағыттау үшін ғана түсініспейді, ішкі түсініктер мен сезімдік түсініктердің бірдей тізбектер буынын өзара қозғау үшін, өздерінің рухани қасиеттерінің бірдей пернелерін басу үшін өзара түсініседі, соның салдарынан әрқайсысында сәйкес, бірақ тең дәрежелі емес символдар пайда болады» [4,165-166].

В. Гумбольдтқа дейін XVI ғасырда сөйлеу қатынасы мәселесін М. Монтень көтерген болатын. «Менің ойымша, дауыстың ырғағы, дауыстың басымдығы үнемі бір нәрсені білдіреді және белгілейді. Мен оны оған қалай болып көрінетіндей қолдануым керек. Бір дауыс үйретеді, екіншісі мақтайды, үшіншісі ұрысады. Мен өзімнің дауысымның тыңдаушыға жеткенін ғана қаламаймын, сонымен бірге қажет жағдайда оны таңғалтып және оған терең бойлағанын қалаймын.... Сөзді айту жартылай сөйлеушіге, жартылай тыңдаушыға тән нәрсе. Соңғысы доппен ойнау кезіндегі доп лақтырушы қозғалысы мен лақтыру түріне ұқсап, қабылдаушы да сондай қозғалыстар жасайтындай қабылдау керек» [1,357]. Осылайша, М. Монтень бүгінгі күнгі прагматикалық лингвистика саласында белсенді қарастырылып жатқан мәселені белгілеген болатын.

«Сөйлеушінің парасаттылығы, білімі оның сөзінен байқалған. Артық, көп, орынсыз сөйлеме, қарым-қатынасты бұзба, түсінісуге тырыс, тыңдаушыңды ескере отырып, сөйле деген жасырын ой берілген. Бұл – талай ғылыми зерттеуге негіз болып, сөйлесім түрлерін ғылыми тұрғыда талдауға басшылыққа алынатын сөйлеу актісі теориясында жіктелетін «қатысым қағидаларының» ұлттық көрінісі», – деген болатын зерттеуші-ғалым З.Ш. Ерназарова [5, 20].

Соңғы уақытта қазақ тіл білімінде тілді прагматикалық тұрғыдан зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазақ тіл білімінде де осы бағытта З.Ш. Ерназарова «Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері» (2001), Д.А. Әлкебаева «Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы» (2006), А.Ж. Аманбаева «Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты» (2006), Г.М. Әзімжанова «Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті» (2007), Қ.Ө. Есенова «Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы» (2007) тақырыптарда зерттеулер жүргізіп, докторлық диссертацияларында саралады. Ал қазақ сөйлеу тіліне тән және оны басқа тілдермен салғастыра зерттеудегі кейбір ерекшеліктері прагмалингвистика тұрғысынан З.К. Ахметжанова, Г.С. Иманғалиева, Д.Б. Абдукаримова, М.К. Мурзағалиева, И.Н. Нұрғожиналардың зерттеу жұмыстарында қарастырылған болатын. Прагматика туралы З.Ш. Ерназарова: «Прагматика – стилистиканы қалыптастырушы анықтаушы тіл аспектісі. Прагматиканың негізінде сөйлеу жағдаяты мен конвенциялық ережелердің шарттарын есепке ала отырып,

жүзеге асатын әрекет, екі жақты әрекет жатыр. Сөйлеуші өз мақсатына жету үшін белгілі стиль түрін таңдайды. Ол коммуникацияда прагматикалық салмаққа ие болады. Өйткені ұтымды таңдалған стиль түрі өзара ықпалды арттырады. Сонда стиль мен сөйлеу қағидалары арасындағы байланыс соңғысының алғашқының түрін айқындайтындығын көрсетеді» [5, 22]. Ал Д.А. Әлкебаева «Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы» еңбегінде: «Прагматика сөйлеу әрекеттеріндегі сөйлеушінің интенциясын (ниет-пиғылын) зерттейді. Интенция (лат. Intention «ұмтылу») – осы әңгіме барысында сөйлеушіге не хабарлау немесе одан не білу жайындағы сөйлеушінің коммуникативті ниеті», – деп жазады [6, 22]. Қазақ тіліндегі көркем прозаның прагматикасын зерттеуші-ғалым Г.М. Әзімжанова: «Прагматиканың басты мақсаттарының бірі – сөздің қолданылу сипатын түсіндіру және қалай түсіндірілетінін анықтау. Прагматикалық тұрғыдан зерттегенде, тілдік бірліктер маңызды компонент ретінде қарастырылады, ол жалпы жағдаятты, адресанттың әлеуметтік белгілерін ескере отырып, тілдік бірліктерді қатынас құралы ретінде қолданушы адаммен байланысты болып келеді» [7, 14].

Прагматикалық аспектілерді зерттеуші ғалым Г.А. Машинбаева: «Прагматика сөйлеу әрекеттерін оқып-үйретуді және оның жүзеге асыру шарттарын зерттейді. Прагматика – коммуниканттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (жазбаша және ауызша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы. Лингвистикалық прагматиканың ең басты ерекшелігі – оның белгілі бір деңгейдегі шектеулі шеңбері болмайды, осыған орай ол көптеген мәселелерді қамтиды. Прагматикалық шындыққа негізделген коммуникация бағытында тілдің субстанционалдық-функционалдық ерекшеліктерін, қарым-қатынасын оқып үйрететін сала, сонымен қатар ол белгілі тұлғалардың нақтылы сөйлеу барысында вербалды және бейвервалды тілдік тәсілдерді пайдалана отырып, пікір алысып, ой бөлісуін үйретеді» [8, 7], десе ғалым Қ. Есенова: «прагматика міндеті дегеніміз – тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолдану заңдылықтарын реттеу, осы арқылы адамды иландыру болып табылады.», – деп көрсетеді [9, 6]. Прагматиканың негізгі ғылыми нысаны сөйлеу әрекеті – сөйлеу актісінің негізінде анықталады. Сөйлеу актісін зерттеудің барысында олардың сәтті/сәтсіз жүзеге асырылу ережелері айқындалады. «Сөйлеу актілерінің түрлерін, оларды қалыптастырушы ережелерді анықтау прагматиканың негізгі мақсаты болып табылады. Сөйлеу әрекетінің негізінде әрекет ұғымы, оның мақсаты, содан туындайтын ықпал етуші қызметі (иллокуция) жатады» [9, 152].

Сонымен, прагматиканың басты өзегі – сөйлеуші мен тыңдаушының ара-қатынасы, өзара байланысы. Сонымен қатар, бұған тыңдаушының жалпы білімін, оның зейінін, көзқарасын, түсіну қабілетін, психологиялық ерекшелігін, тағы басқа деңгейлерін прагматикалық пресуппозицияларын айтушының ескеруі, бағалауы кіреді. Прагматиканың басты мақсаты – сөздің

қолданыс ерекшелігіндегі өзіндік ережелерді ұғындыру болып табылады. Прагматика мәтін лингвистикасында байқалатын категория, себебі мәтін ғана сөйлеуші мен тыңдаушыны жалғастырып тұрады. Осыған байланысты мәтін лингвистикасы – мәтін синтаксисі, мәтін семантикасы, мәтін прагматикасы деп үшке жіктеледі. Тілдік тұлғаның шынайы келбеті – оның заттық дәлелі мәтінде ғана ашылады. Мәтін прагматикасы тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейін анықтау құралына айналып отырады.

Қазіргі тіл біліміндегі ғалымдардың тілдік бірліктерді прагматикалық тұрғыдан қараған көзқарастары мынандай: прагматика – сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асырылуын; прагматикалық лингвистика коммуниканттардың сөйлеу әрекетін, тілдік қатысымның заңдылықтарын, сөйлесімнің мақсаттық бағасын, сөйлеушінің коммуникативтік интенциясын, сөйлеу актілерінің функционалды түрлерін, сөйлесімнің мазмұнын, сөйлесім авторының коммуникативтік мақсатқа сай тілдік құралдарды таңдап алу мәнін, сондай-ақ тыңдаушының айтылған ой мен берген бағаны дұрыс түсінуін анықтайтын нақты қатысым жағдаятын зерттейді. Ал лингвистикалық прагматика – коммуниканттардың қатысым актісінде тілді қолдану шарттарын зерттейтін ғылым болып табылады. Прагматикаға сөйлеуші субъект пен адресаттың (тыңдаушының) арақатынасынан туындайтын мәселелер жатады, адресанттан алынған ақпараттан кейінгі адресаттың белгілі пікірге келіп, қайтадан қандай әрекет жасайтынын прагматика зерттейді. Прагматика адамның белгілі жағдайда қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қоса қарастыратын, тілдің коммуникативті қызметін жүзеге асырушы құрамдас бөлік. Тілдегі прагматикалық деңгей тілдік тұлғаның ой-толғанысы мен пайымдауынан және сұрақ, жауап, риторикалық сұраулардан байқалады. Прагматикалық деңгей көп жүйелі, көп қабатты құрылымнан тұрғандықтан, тілдік тұлғаның қоғамға деген қатынасын да білдіреді.

Сонымен, прагматика саласы мына мәселелерді қарастырады: сөйлеушінің қалай сөйлесетіндігі және не айтатындығының қатынасы: шынайылық, әділдік, шамамен айтушылық, оның шынайылығы және шынайы еместігі, әлеуметтік ортаға және тыңдаушының әлеуметтік дәрежесіне бейімдігі; тыңдаушының сөйлеуі мен т шынайы, объективті немесе жалған түснүі. Мұның барлығы да, өзінің түрлі құрамына қарай белгілі бір байланыстырғыш бүтіндік құрайды, мұны біз субъект факторы деп есептейміз. Шынында да сөйлеуші жазушыға ұқсап, өзіндік дербес танымын аяқтаған тұтастық ретінде көреді, оның оқиғаларының басталуын да, аяқталуын да біледі және ол туралы айтуға мүмкіндік алады. Қазақ тіл білімінде прагматикалық бағыттың дамуы кездейсоқ нәрсе емес. Прагматиканың ең басты үлгісі сөйлеумен байланысты зерттеу назарынан тыс қалған немесе қалыпты ережелерге көнбейтін тілдік көрсеткіштерді жинақтап, оларға ғылыми негіздеме беруінен көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сүлейменова Э.Д. Актуальные проблемы Казахской лингвистики: 1991-2001. – Алматы: Арыс, 2001. - 84 с.
- 2 Хасанұлы Б. «Мемлекеттік тіл мамандарын оқу өзге тілде жүретін қала мектебі ерекшеліктерін ескере дайындаудың социолінгвистикалық, психолінгвистикалық негіздері» (бағдарлама). – Алматы. 2007. – 14 б.
- 3 Серль Дж. Р. Косвенные речевые акты. // Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск XVII. Теория речевых актов. М.: Прогресс, 1986. – С. 195-222.
- 4 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. М., 1984, – 250 с.
- 5 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: Ғыл.докт. дисс.– Алматы, 2001. – 246 б.
- 6 Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Ғыл.докт. дисс.авторефераты. – Алматы, 2006. –43 б.
- 7 Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті: Ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. –265 б.
- 8 Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: Ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2007. –125 б.
- 9 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы: Ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. – 345 б.